ҚАУЛЫ

2025 жылғы 28 қазан №1599-25-00-2а/1147 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында судья А.Д.Дауренбековтың төрағалық етуімен,

судьялар Б.О.Өмірбаева, Т.М.Алданов,

хатшылықта А.Т.Ибрагимованың отыруымен,

талап қоюшының өкілі - Е.С.Смагуловтың,

жауапкердің өкілдері - А.Б.Алтынбаев, Н.Сағынайдың,

үшінші тұлға «Самир ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілі Е.А.Асауовтың қатысуларымен,

ашық сот отырысында, талап қоюшы «Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесі жауапкер «ЗапКазПромСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы азаматтық ісі бойынша

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 8 тамыздағы шешіміне талап қоюшы және үшінші тұлға өкілінен түскен апелляциялық шағымдарын қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы «Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) жауапкер «ЗапКазПромСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктістігіне (бұдан әрі – Серіктістік) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызымен сотқа жүгініп, оны Серіктістіктің конкурсқа қатысуға өтінім беру кезеңінде аңық емес ақпарат бергендігімен негіздеген.

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 8 тамыздағы шешімімен Бөлімнің талап қою арызын қанағаттандырудан бас тартылған. Сот шығындары шешілген.

Апелляциялық шағымда талап қоюшы шешіммен келіспей, оның күшін жоюды сұрады, өйткені олардың тарапынан өткізілген ашық конкурсқа қатысқан «ЗапКазПромСтрой» ЖШС-і конкурстық өтінімде материалдық ресурстар жөнінде самосвал мен 2 дана тиегішті жеке кәсіпкер Г.С.Актуринамен араларында алдын ала жалдау шарты жасалмағандығы анықталғанын, жауапкердің конкурстық өтінімде анық емес ақпарат беру фактісі орын алғанын көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Үшінші тұлға «Самир ЛТД» ЖШС-нің өкілі апелляциялық шағымда шешімімен келіспей, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2025 жылғы 25 сәуірдегі шешімінде мемлекеттік сатып алулар бөлімі өткізген ашық конкурсқа қатысты жауапкер «ЗапКазПромСтрой» ЖШС-нің конкурсқа ұсынған жеке кәсіпкер Г.С.Актуринамен техниканы жалға алудың алдын-ала шарты іс жүзінде жасалмағаны анықталғанын, жауапкердің тіркеуде жоқ көлік құралдарын

Құжатқа қол қойылған: Дауренбеков А. Д., 04.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Умирбаева Б. У., 04.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Алданов Т. М., 03.11.2025

көрсетуі конкурсқа жалған ақпарат болып есептеледі, сондықтан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Іске қатысушы тұлғалардың түсініктерін тыңдап, іс материалдарын зерделеп, апелляциялық шағымдардың уәждерін тексеріп, сот алқасы төмендегідей тұжырымға келді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 413-бабының 1-бөлігіне сәйкес, істі апелляциялық тәртіппен қарау кезінде сот бірінші сатыдағы сот шешімінің заңдылығы мен негізділігін толық көлемде тексереді.

Сот шешімі АПК-нің 427-бабының 1-бөлігінде көзделген негіздер бойынша жойылуы немесе өзгертілуі мүмкін.

Істі бірінші сатыдағы сот қараған кезде мұндай бұзушылықтарға жол бергені анықталды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 11-бабының 2-тармағына сәйкес, Әлеуетті өнім берушінің, өнім берушінің анық емес ақпарат беруінің салдарлары. Әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша беретін ақпараттың анықтығын уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында, оның ішінде тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы ұсынған мәліметтер мен құжаттар негізінде анықтауы мүмкін.

Заңының 12-бабының 4-тармағының 1-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат берген өнім берушілердің, әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың 1-бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда Тапсырыс беруші Өнім берушінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотқа талап- арызбен жүгінуге міндетті.

Іс құжаттарына қарағанда, 2024 жылдың 30 желтоқсанында Бөлім тарапынан «Күзгі-қысқы кезеңде көше тазалау жұмыстары №18 учаске» жалпы сомасы 229 605 417,26 теңгеге жарияланған ашық конкурсқа (бұдан әрі – конкурс) «ЗапКазПромСтрой» ЖШС-і әлеуетті өнім беруші ретінде қатысқан.

Заңның 9-бабының 1-тармағы 4-тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді

1599-25-3-2/1148

Құжатқа қол қойылған: Дауренбеков А. Д., 04.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Умирбаева Б. У., 04.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Алданов Т. М., 03.11.2025

орындау үшін жеткілікті материалдық ресурстарға ие болу бөлігінде біліктілік талаптары қойылады.

Заңның 9-бабының 3-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші оның осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады.

Өз кезегінде, осы конкурсқа қатысу үшін «ЗапКазПромСтрой» ЖШС-гі материалдық ресурстар жеткілікті екендігін көрсетіп, оның дәлелі ретінде өзінің меншігіндегі техника ресурстарын және 2025 жылдың 21 қаңтардағы жеке кәсіпкер Г.С.Актуринадан (жалға беруші) екі техниканы алдын ала жалдау шартын ұсынған.

2025 жылғы 27 ақпандағы конкурстың қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес, «ЗапКазПромСтрой» ЖШС конкурстық өтінімі біліктілік талаптарына сай келмеуіне байланысты, қабылдаудан бас тартылған. Жауапкердің материалдық ресурстың болуына қатысты сұрақтар туындаған, себебі конкурстық өтінім құрамында ұсынылған жауапкердің 2025 жылдың 21 қаңтардағы техниканы алдын ала жалдау шартында жеке кәсіпкер Г.С.Актуринаның қолы болмағандығы негіз болған.

Серіктестік конкурс қорытындылар туралы хаттамасымен келіспей, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына (әрі қарай – МАӘС) жүгінгенін. Аталған соттың отырысында ғана Серіктестік және жеке кәсіпкер Г.С.Актуринаның арасында техниканы жалдау шарты жасалмағандығы белгілі болып, яғни жауапкердің конкурстық өтінімде анық емес ақпарат беру фактісі анықталған.

Бірінші сатыдағы сот, Бөлімнің талап қою арызын қанағаттандырудан бас тарту туралы тұжырымын, Серіктестік және жеке кәсіпкер Г.С.Актуринаның арасында жасалған техниканы алдын ала жалдау шартында жалға берушінің қолы болмағанымен, мөрі қойылғаны, шартта жалға берушінің қолы болмауы шындыққа сәйкес келмейтін түзету болып табылмайды, даулы шарт өтінімнің шынайы мазмұнын бұрмаламайды деп негіздеген.

Алайда, соттың бұндай тұжырымы қате жасалған және істің нақты мән-жайларына сай келмейді.

Бұл алдын ала жалдау шартында жеке кәсіпкер Г.С.Актуринаның қолы жоқ екендігімен қатар, әкімшілік соттағы сот отырысында соңғының өкілі бұл шарт мүлдем жасалмағанын мәлімдеді. Сондай-ақ, жауапкер шарттың түпнұсқасын ұсына алмады.

Материалдық ресурс ретінде анық емес ақпарат бергені, ол «ЗапКазПромСтрой» ЖШС-нің конкурстық комиссияның оны есепке алу және осы ақпараттық жүйенің болуы негізінде артықшылықтар алу мақсатын көздегендігін бекітеді.

1599-25-3-2/1148

Құжатқа қол қойылған: Дауренбеков А. Д., 04.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Умирбаева Б. У., 04.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Алданов Т. М., 03.11.2025

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2025 жылғы 25 сәуірдегі шешімінде де көрсетілген.

Демек, Бөлімге осы әкімшілік сотының шешімі шыққан уақытынан «ЗапКазПромСтрой» ЖШС-мен конкурстық өтінімде анық емес ақпарат беру фактісі туралы нақты белгілі болған, соңғымен талап қою арызы сотқа Заңмен белгіленген отыз күндік мерзім ішінде уақтылы берілген.

Сондықтан, сот алқасы, бірінші сатыдағы соттың алдын ала жалдау шартында жалға берушінің қойылған мөрі бұл құжатты тиісті түрде рәсімделген деген уәждерін негізсіз деп санайды.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы №5 «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 5-тармағына сәйкес заңның 10-бабының 1-тармағына сай, біліктілік талаптары бойынша теріс ақпарат беру фактісі анықталған кезде әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылады.

Істің мұндай тұрғысында дау айтылған сот шешімін заңды және негізді деуге болмайды, оның күші жойылып, іс бойынша Бөлімнің талап қою арызын қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығаруға жатады.

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 616-бабының 17-тармағына сәйкес мемлекеттік мекемелер сотқа талап қою кезінде мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

АПК-нің 109-бабының талаптарына сай Серіктестіктен мемлекет пайдасына 1966 тенге баж салымы өндірілуге жатады.

АПК-нің 424-бабының 3-тармақшасын, 426, 431-баптарын басшылыққа алып, сот алқасы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 8 тамыздағы осы азаматтық іс бойынша шешімінің күші жойып, талап қоюшы «Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қою арызын қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылсын.

«ЗапКазПромСтрой» ЖШС мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«ЗапКазПромСтрой» ЖШС-нен мемлекет пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге баж салымы өндірілсін.

Талап қоюшының және үшінші тұлғаның апелляциялық шағымдары қанағаттандырылсын.

Қаулы жария етілген кезден бастап заңды күшіне енеді, заңды күшіне енген күннен бастап, кассациялық тәртіпте алты ай ішінде АПК-нің 54-

1599-25-3-2/1148

тарауның тәртібінде азаматтық істер жөніндегі қассациялық сотына өтініш келтірілуі мүмкін.

Төрағалық етуші А.Дауренбеков

Судьялар Б.Өмірбаева

Т.Алданов

Құжатқа қол қойылған: Дауренбеков А. Д., 04.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Умирбаева Б. У., 04.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Алданов Т. М., 03.11.2025
1599-25-3-2/1148

Құжатқа қол қойылған: Дауренбеков А. Д., 04.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Умирбаева Б. У., 04.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Алданов Т. М., 03.11.2025

ЖАДЫНАМА

Құрметті сот ісіне қатысушы!

Егер Сіз апелляциялық сатыдағы қаулымен келіспесеңіз, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде оны кассациялық сотқа шағымдануға құқығыңыз бар (Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (АПК) 435, 436-бабы).

Қазақстан Республикасының кассациялық сотына өтінішхат берер алдында мыналарды міндетті түрде тексеріп алыңыз:

I. Сіздің ісіңіз кассациялық тәртіпте қаралуға жата ма?

ҚР АПК-нің 434-бабының 2-бөлігімен танысыңыз, онда кассациялық тәртіппен қайта қарауға жатпайтын сот актілерінің тізбесі көрсетілген.

II. Өтінішхат пен құжаттарды ресімдеудің дұрыстығы

- Өтінішхат ҚР АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкес келуі тиіс.
- Егер сіз өкіл арқылы жүгінсеңіз, оның өкілеттігі ҚР АПК 61-бабына сәйкес ресімделгеніне көз жеткізіңіз.
- Өтінішхатқа мыналар қоса берілуі тиіс:
  - сенімхат
  - адвокат куәлігі және қорғау туралы жазбаша хабарлама (адвокат үшін)
  - заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжат (заңгерлер үшін).

III. Мемлекеттік бажды төлеу

Мемлекеттік бажды төлемес бұрын:

- ҚР Салық кодексінің 610-бабымен;
- АПК-нің 104-бабымен;
- Жоғарғы Соттың 07.07.2016 жылғы №6 «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағымен.
- ҚР СК 616-бабымен (мемлекеттік баж төлеуден босату негіздері) мұқият танысыңыз.

IV. Қазақстан Республикасының кассациялық сотына мемлекеттік бажды төлеу үшін деректемелер:

Бенефициары: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Сарыарқа ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ

БСН: 981140001115

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6203

БСК 108126 - Жергілікті бюджетке түсетін мемлекеттік баж

ТТК 911